

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Тексерілді:



Білім беру ұйымы: Хлебодаровка жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық: О «Б» сыныбы

Балалардың жасы : 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 1V-апта 20 - 24 қазан 2025-2026 оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие «Тәуелсіздік және Отаншылдық» айы

«Апта дәйексөздері»- «Отаным-алтын бесігім!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.10	Сейсенбі 21.10	Сәрсенбі 22.10	Бейсенбі 23.10	Жұма 24.10
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Өнегелі 15 минут Ата –аналармен әңгіме: Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Айлапсал. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады.Ойынды басқарушы сыртта тұрғындардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен нөз есімі есімі берілген ойыншыны табуы керек.Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыпартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейді, т.б. өнер көрсетеді		«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Шертпек. Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды шығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.		
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР гимні «Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	Адалдық әліппесі «Мақтау сөздер айту» <i>Ойынның мақсаты:</i> достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.	Адалдық әліппесі «Құпия заттар» <i>Ойынның мақсаты:</i> қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әлемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.		
Кестеге сәйкес ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Отбасының күзгі еңбегі Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-г, к-к, ж-ш, з-с, н-н, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: «Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгөністермен жемістерді ажыратады; Түсінеді: сөздің дыбыстан құралатынын; Қолданады: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер қолдана алады Педагог адамдардың күзгі еңбегін қысқаша айтып өтеді, мысалы, егін жинайды, бау-бақшалардағы жұмыс түрлеріне тоқталады т.б. Демонстрациялық материал Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды:	Сауат ашу негіздері Ойнай отырып оқимыз Міндеті: Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады. Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс барын. Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады Балалар, «Болады, болмайды» дидактикалық ойынын ойнаймыз. Мен сендерге өлең жолдарын оқимын. Мен өлеңдегі сөйлемді бастаймын, ал сендер «болады» немесе «болмайды» деп сөйлемді аяқтайсыңдар. Күйші болуға ... (болады), Биші болуға ... (болады), Ерке болуға ... (болмайды), Серке болуға ... (болмайды), Пысық болуға ... (болады), Кішік болуға ... (болады), Әкім болуға ... (болады), Ақын болуға ... (болады), Маман болуға ...	Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Дыбысты талдау жасау арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін. Қолданады: сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады «Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, н, м, с, о, г, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады. «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. Дұрыс жауапқа педагог жүлделіше беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-	Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін. Қолданады: сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады «Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, н, м, с, о, г, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады. «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. Дұрыс жауапқа педагог жүлделіше беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-	Көркем әдебиет Елордамыз – Астана Міндеті: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуды үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгіменің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді; Қолданады: әңгімені өз ойымен мазмұндап береді Педагог балаларға бейнегаспадан Астананың көрікті жерлерін көрсетеді. – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Бүгін біз Батырбай Сейбадуллаевтың «Астана» өлеңімен танысамыз. Астана – еліміздің бас қаласы. Біз Астана туралы жырлап,

	«Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойындаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды. Педагог «азық» сөзінің мағынасын түсіндіреді. Азық – тамақ, қысқы қорек.	(болады). Жаман болуға ... (болмайды). Айтпақшы, Жаман болуға ... (болмайды). (Қадыр Мырза Әли) – Жарайсыңдар, балалар, сендер ненің болатынын, ненің болмайтынын жақсы біледі екенсіңдер. «Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.	өйткені бір дауысты дыбыс бар. – Шар сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – Шшшар бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Иә, бірінші дыбыс – ш дыбысы. – Ш дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – Қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап шаар сөзін оқиды. – А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс.. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «шаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасыңдар, «р» дыбысы естіліп тұр. – «Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «Р» дыбысы дауыссыз дыбыс. - Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Шар – 1 буын, 3 дыбыс. Осы үлгі бойынша доп сөзіне дыбыстық талдау жасатылады. Доп – 3 дыбыс, 1 буын.	тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра. Думан, дуалақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақсат т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табак, тиск, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б. Педагог бір баланы тақтаға «тал» сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды. «Тал» сөзінің дыбыстық талдауы. «Тал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар..	мақтан етеміз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп, ұйқас сөздермен жүрекке жеткізеді. Педагог «Астана» өлеңін оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөзлік жұмысы: киелі – қастерлі бақ – бұл жерде: бақыт, береке, құт ынтымақ – бірлік, ауызбіршілік Сұрақ-жауап: – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Астана қандай қала? Бейнежазбадан не көрдің? – Астананың негізгі белгісі (символы) қалай аталады? – Астана қаласына бардың ба? Қандай көрікті жерлерін көрдің? – Бәйтерек сөзіне сөйлем құра.
--	--	---	---	---	--

Үнемді тұтыну Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту

Мультфильм көрсету

Электр энергиясын үнемдеудің тиімді тәсілдері:

- 1.Егер үйде ескі электр желілері болса, тез арада ауыстыру керек, бұл электр энергиясын үнемдеуге бірден - бір көмегін тигізеді.
2. Жарықтану деңгейін туралап отыратын құралдармен жабдықтау.
3. Ғимараттан шыққанда жарықты өшіру керек
4. Құралдарды ток көзіне еш уақытта қалдыруға болмайды



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған әлеммен таныстыру Менің туған өлкем Міндеті: - «Туған өлке» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету Күтілетін нәтиже: • өздерінің туған жері туралы әңгімелеуге; туған өлкенің табиғатын суреттеуге арналған тапсырманы орындайды/жасайды; • туған жер, Отан біреу-ақ екенін, оны мәңгі сүйю керектігін түсінеді; • туған жер туралы білетін әндерін, тапқытарын күнделікті өмірде қолданады Педагог Ө. Тұрманжановтың өлеңін оқиды. Көгінде күн нұрын төккен. Алтын дәнді даласы бар. Жерінде гүл жұпар сенкен, Ақ күмістей қаласы бар. Неткен сұлу, неткен көркем. Неткен сұлу, неткен көркем Осы менің туған өлкем! Осы менің туған өлкем! «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өлеңінің мазмұны ашылады. – Иә, балалар, өзіміздің туып-өскен жеріміз «туған өлке», «атамекен» деп аталады. Біздің жеріміз кең-байтақ, еліміз бай, оның байлығын бүкіл тұрғылықты халқымыз пайдаланып, бақытты өмір сүруде. Туған өлкеміздің	Математика негіздері 0 саны және цифры Міндеті: 0 саны және цифрымен таныстыру; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды таңуға және бейнелеуге үйрету «Сандық саусақтар» ойын жаттығуы. Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі сандар болуы керек. Баладан қолындағы саусақтарын көрсетуін сұрап, содан кейін көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы санды көрсетуді сұрау керек. Алдыңғы, кейінгі санды атауды сұрау керек. Педагог бұтақтағы жапырақтардың санауды ұсынады. – Қанша жапырақ? (5). Педагог цифрды бар карточканы алып, оны тақтаға қояды. Жел соғып, бір жапырақ жерге түсті. Ағаш бұтағында жапырақтардың саны қазір қанша? (4). Мұндай карточканы цифрмен тауып, оны тақтаға ілу сұралады. Содан кейін жел одан да қатты соғып, тағы 1 жапырақ жерге түсті. Қанша жапырақ қалды? (3). 3 цифрды бар осындай карточканы тауып, оны тақтаға ілу сұралады. Жағдайды сипаттау жалғастырылады. – Бұтақта бір жапырақ бар. Жел соғып, ол ұшып кетті. Қазір қанша жапырақ бар? Балалар, кім біледі? – Нөл дейді. Бұл сан	Математика негіздері 10 саны Міндеті: 10 санымен таныстыру; 0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету Күтілетін нәтижелер: менгереді: 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды; түсінеді: заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: 10 заттан тұратын топтарды Теру парағымен жұмыс. – Ойын алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады. Педагог оларға өз орындарын табуға көмектесуді ұсынады. Теру тақтасында (тақта) балалар нөмірлері бойынша топпен тұрады. Педагог жалғастырады: – Міне, тағы бір бала келді. – Оған қандай нөмір береміз? Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді. Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифр қажет: 1 және 0. – – Ешкім (ештене) болмаған кезде олар: жок, немесе НӨЛ деп айтады. Педагог цифрды көрсетеді. Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Өлең оқиды. Аспандағы Ай, Цифрға ұқсас қай? Толған кезде ол, Аумай қалған «Нөл». «0» дегенде өздерің, Көрің тұр ғой көздерің. Үйлеспесе	Математика негіздері 10 саны Міндеті: 0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға дағдыландыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды; түсінеді: заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: 10 заттан тұратын топтарды Ойындық сергіту. «Сандық жүгірткі». Бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар қажет. Карточкаларды еденге ретсіз орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, сандарды өсу ретімен атауын сұраңыз. Егер бала қателессе, онда ол ойынды кері бастайды. Топтардағы практикалық жұмыс. 10 санын үшбұрыш түрінде орналастыру арқылы шеңберлермен бейнелеуге болады. 10 шеңберді санап, үшбұрыш тұрғызыңыз.	Қоршаған әлеммен таныстыру Менің Отаным Қазақстан Міндеті: Мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: • ән, мақалдарды тыңдай отырып, маңызын түсінгенін әңгімелеуге, өз ойын жеткізуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • өз Отанының, жерінің, сол жерде тұратын адамдар үшін қамбат екенін түсінеді; • өзінің туған жері туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады. Ұнтаспадан Е. Хасанғалиевтің орындауындағы «Атамекен» әнін тыңдайды. Сөздік жұмыс: Атамекен – ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен. Балалар да өз ойларын ортаға салады: – Атамекен дегеніміз – туған жеріміз. Ол – менің атам, менің ата-бабаларым мекен еткен жер. Енді сол жерде мен туып-өсіп жатырмын. Педагог М.Әлімбаевтың «Туған жерім тамаша» өлеңін оқиды. Туған жердің жырларын Кен
--	--	---	---	---	--

	ауылы мен қалаларында өздерін секілді бақытты балалар тұрады. Әр адам өзінің туып-өскен жерін мақтан етеді. – Балалар, өздерің айтыңдаршы, біздің өлкеміздің табиғаты қандай? – Қандай көрнекті жеріміз бар? Педагог осы үлгідегі сұрақтар қою арқылы өз өлкелерінің табиғаты мен көрнекті жерлері туралы сұрайды. Балалардың жауаптарын толықтырып отырады.	нөл деп аталады. Ол – 0 цифрмен таңбалаңады. 0 саны бар карточканы көрсетеді. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қара. Не болғанын айт. Не өзгерді? Тіпті цифрмен сызып қос. Педагог суреттерді қарастыруды ұсынады. --- Алдымен не болғанын айт. Суреттердің әрқайсысында не өзгерді? Қажетті цифрмен қос.	айналмас, 0-сіз 1-ін 10 болмас. Педагог нөлді бірліктің жанына қойып сұрайды: – Бұл санды жазу үшін қанша сан қолданылды? (2 сан). 10 санын көрсетеді.	Қығалдыстай терейік. өлкенің қорларын Жұр. аралап, келейік! Санжұлық пен Қырағы сұрақтар қояды. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өлкенің мазмұны ашылады. – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Біздің Отанымыз – Қазақстан. – Қазақстан сөзі «Қазақ» және «стан» сөздерінен құралған, яғни Қазақ елі деген мағына береді. Біздің жеріміз кең-байтақ. Қазақстан аталу себебі: жергілікті халық – қазақ. Біздің еліміз – көңұлтты ел. Қазақстанда тұратын басқа да көптеген ұлт өкілдері Қазақстанды өзінің Отаны деп санайды.
Үлкен үзіліс «Күй күмбірі» : "Ерке сылқым"Әбдімомун Желдібаев Мақсаты: балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
				
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Қазақ тілі**Қарбыз**

Міндеті: Байланыстырып сөйлеу.

-Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: қарбыз, оның ерекшелігі, дәмі, жеген кездегі сезімін еске түсірді; **Түсінеді:** атауын еске сақтап, буын және «Қ» дыбысының орнын ажыратты;

Қолданады: қарбыздың пазл ойын құрастырды

Балалар менде бір керемет қиындықтар бар, олар құрастырылады. Қане құрастырып көріңдерші. Не бейнеленген екен?



Балалар, қараңдаршы ненің бейнесін көріп тұрсыңдар? Иә, бұл қарбыз. Қарбызды қай мезгілде жейміз кім айтады? (Жаз мезгілінде). Жазда қандай айлар бар, балалар? Дұрыс айтсыңдар, маусым, шілде, тамыз айлары бар. Балалар, қарбыздың

Қазақ тілі**Бүлдірген**

Міндеті: -Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға мүмкіндік беру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды:Бүлдіргеннің қай жерде өсетінін айтты;

Түсінеді: «Ү», «І» (бүлдірген) дыбыстарының орнын тапты;

Қолданады: Жұмбақтар туралы ойын айтты;

1. Амандасу

Сәлеметсіздер ме, балалар! Көңіл-күйлеріңіз қалай?

Сіздермен бүгін кереметтей тақырыпқа

тағдау жасамақпын.

2. Тақырыпқа кірісу

Бүлдірген

— раушангүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.

Қазақстанда барлық тау беткейлерінде өседі.

Құлпынайға өте ұқсас келеді, бірақ көлемі құлпынайдан кішірек болады. Биіктігі 5-20 см.

Жапырағы үш қалақты, жиегі аратісті. Мамыр, маусым айларында гүлдейді. Гүлі ақ түсті, 5 күлтелі, ұзын гүлсағақтың басында орналасқан.

Жемісі маусым, шілде айларында піседі. Жидегі хош иісті, дәмі тәтті, қызыл түсті болады. Бүлдірген

Сөйлеуді дамыт**Күзгі жапырақтар**

Міндеті: Фонематикалық естулі дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: өлеңнің бір шумағын шумағын жаттайды; **Түсінеді:** күз мезгілінің ерекшеліктерін;

Қолданады: ағаштардың жапырақтарын ажыратып орнына қояды.

Өлеңде қай мезгіл бейнеленген?

Не жайлы айтылған?

Ақын жапырақтарды неге тегісеген?

Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсас шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік.

Күз мезгілі қандай?

Күз мезгілінде айнала сары болады.

Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі.

Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары Керемет көрініс

Көркем әдебиет**Елордамыз – Астана**

Міндеті: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: әңгіменің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады;

Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді;

Қолданады: әңгімені өз ойымен мазмұндап береді

Педагог балаларға бейнетаспадан Астананың көрікті жерлерін көрсетеді. – Қазақстан

Республикасының астанасы қай қала? – Бүгін біз Батырбай

Сейбадуллаевтың «Астана» өлеңімен танысамыз. Астана – еліміздің бас қаласы. Біз Астана

туралы жырлап, мақтан етеміз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп, ұйқас сөздермен

жүрекке жеткізеді. Педагог «Астана» өлеңін оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан

қараңыз). Сөздік жұмысы: киелі – қастерлі бақ – бұл жерде: бақыт, береке, құт ынтымақ – бірлік,

ауызбіршілік Сұрақ-жауап: – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Астана қандай қала?

Бейнежазбадан не көрдің? – Астананың негізгі белгісі (символы) қалай аталады? – Астана

қаласына бардың ба? Қандай көрікті жерлерін көрдің? – Байтөрек сөзіне сөйлем құра.

Шығармашылық**бейнелеу әрекеті**

Саябалшықтан жасалған табақ

Міндеті: - балаларды ұй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру;

- Бақылаған заттын бейнесін бере білу,

затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу

- аталған заттардан қалауы бойынша киіп жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру

- Ойынға қажетті құралысты бірлесіп ойындар құрастыруға,

алғаш жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын

құралыспен ойнауға мүмкіндік беру

Мақсаты:- қарыра туралыбілімдерін жетілдіру,

құмыраны сала білуге,мүсіндекге,жапсыруға, құрастыруға үйрету

	туысы қауым жайлы өткен едік қой, естерінде ме?	басқа жеміс-жидектерден бұрын піседі.  Балалар, жұмбақтарды табыңдар. <i>Бұтаға ілген үлгершек, Іші нәрлі қызыл сөз, Теріп алып ұлгерсек, (Бүлдірген)</i> 3. Балалар, сурет бойынша әңгіме құрастырайық.			
--	---	--	--	--	--

Қауіпсіздік сабағы : «МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»

Мақсаты: балаларды адасып кеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету.

Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру: 1-кеңес. Орнындақал. Егер адасып кетсең, ең бастысы – орнында қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі. Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. 2-кеңес. «Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият қара. 3-кеңес. Егер телефон болса, ата-анана қонырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналаңдағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қонырау шалуды өтін. Егер ананның/әкенің телефон нөмірін білмесең, біреуден полицияға қонырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткеніңді айт. 4-кеңес. Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір. Мысалы, жақын жердегі дүкен, butik немесе кафе. Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе тазалаушыға бару. Адасып кеткеніңді айтып, көмек сұра. 5-кеңес. Бейтаныс адамдарға еріп кетпе. Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да. Орнында қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт. Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. Ережелерді қайталау: Балалармен адасып кеткен жағдайда қолданылатын бес қарапайым кеңесті қайталау.

Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=ZHH-0Na_TgQA1b91
<https://orken-institutv.kz/ru/telefonv-gorvachih-linii>



Көшеде танымайтын адамдармен сөйлеспе.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене тәрбиесі Отбасымызбен бірге жаттығамыз Міндеті: Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға	Музыка Сабантойды тойлаймыз Міндеті: - Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажырату.	Дене тәрбиесі Отбасылық альбом Міндеті: Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қапшықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту	Дене тәрбиесі «Тату-тәтті баламыз!» Міндеті: Жүгіру: шашырап, жүппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп	Музыка Сабантойды тойлаймыз Міндеті: Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау
--	--	---	--	---

	ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен жүру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде жүруді (ені – 20 см, биіктігі – 40 см); орындықтың ортасына дейін жүріп келіп отыру, орнына тұрып, одан әрі жүруді; бір-бірінен 50 см арақашықтықта жапқан таяқтардан бір бүйірмен секіруді. Түсінеді: спорттың пайдасын; педагогтің түсіндірмесін зейін қойып тыңдап, жаттығудың орындалу ретін еске сақтап қалу керектігін Қолданады: жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет) Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра	жоғары-төменгі қозғалысын ажырату. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды. Түсінеді: қарапайым музыкалық терминдерді. Қолданады: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жанбыр» (К. Дүйсесқов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Тенге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)	Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жүрудің әртүрлі түрлерін; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, қолбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүруді; белгіленген жерден шұңқырға секіруді; гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойып жүруді; «Теңіз жағасында» релаксациясын. Түсінеді: әртүрлі жүру түрлерімен қалай жүру керектігін (аяқты айкастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту керектігін. Қолданады: топтық әдіс және топсыз әдіс түрлерін, еңбектеу және шұңқырға секіру әдістерін, сондай-ақ ойын барысында қарлығаштың ұшуын салған имитацияларын Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». (10 рет) Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады. Допты кеудесіне қыспай, екі қолдан қағуға тырысады. Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді.	Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруі; 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізуді; гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеуді. Түсінеді: малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра қалай лақтыру және допты саусақтарын ашқан күйде қалай қағып алуы; биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қалай қолын жеткізуді; гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеу керектігін. Қолданады: шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білу машықтарын «Мүжият бол» ойын жаттығуы. 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұлбай ырғақпен алымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (үш-шү кешені). 2 метр арақашықтықта жұп болып тұрып, бір-біріне доп	Күтілетін нәтижелер: Жасайды: дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды. Түсінеді: қарапайым музыкалық терминдерді. Қолданады: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жанбыр» (К. Дүйсесқов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Тенге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)
--	--	---	---	--	---

	қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады			лақтыру: серіктесіне допты басынан асыра лақтырып беруді үйрету. Жаттығуларын дұрыс орындауларын қылағалау. Қарама-қарсы екі сапқа тұрып, бір-біріне доп лақтырады. Доптың лақтыру бағытын бұзбауға тырысады, лақтыру кезінде қолдарын ширақ созады. Бұйрық бойынша бір тізбектегі балалар допты себетке салып, секіруге арнылып сызылған сызық жанына тұрады	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету Өз-өзіне қызмет ету				
Серуен	Бақылау: Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түттерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат. Аман болар – адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат, денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. Ойын: « Біз кішкене отбасы » Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Қимылдық ойын: « Шымшық доп » Ойын барысы: Алашын ортасындағы бір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7	Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату. Отан – менің ата-анам, Отан-досым, бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын: « Қояндар секіреді ».	Бақылау: Өткірші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткірші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақпаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бөріні қолдан жауындатып суарудың пайдасын анып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түттерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түттерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер ». Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын: « Допты қуып жет ».	Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алашы Мақсаты: Ойын алашындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық Шұылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Такпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау	Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алашы Мақсаты: Ойын алашындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық Шұылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Такпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау

	тактайшаны қисайтып қояды. Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады. (Доп дұрыс орналасу үшін тактайға ойыс жасап қою қажет). Ойнаушылар тактайшадан айналып тұрады. Басқарушы таңдап алынады. Ол тактайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді. Ойнаушылар оны ұстап алады. Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанатын. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1. Жарысу. 2. Төбешікке секіру. (Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » . Ойын барысы: Ойнаушылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады. Бақташы балалар болады. Ортадан бір сызық созылады. Ол-қаздардың үйі болады. Бақташы қаздарды жайып шығарды. Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га, га, га. Бақташы: тамақ жейсіндер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшындар. Қаздар: жоқ, аш қасқыр бар. Жібермейді ол жолда. Бақташы: тез ұшындар қалайда! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет ояңғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » (Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Кім тезірек? » Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолларындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Тренинг: « Қолшатыр » . (Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық » Ойын барысы: Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады. Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді, бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады. Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып, ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да, ойын қайталанатын. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: Қуаласпақ. Тығылыспақ. Тренинг: « Киіз үй » . (Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » . Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық » Ойын барысы: Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады. Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді, бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады. Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып, ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да, ойын қайталанатын. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: Қуаласпақ. Тығылыспақ. Тренинг: « Киіз үй » .
--	---	---	--	---	---

					(Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша
Серуеннен оралу	Киімдерін ретімен шешу. Өз-өзіне қызмет ету.				
Балалармен жеке жұмыс	Әлімжан Айым Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету.	Қайратұлы Ермұхаммед Қарындасшты дұрыс ұстай алуды үйрету. (үш саусақпен)	Қанат Назерке Бакытжанқызы Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету.	Сундетулла Жасмин Наурызбайқызы құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық) құрастыруға үйрету	Алтай Айгере Қайратқызы Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» «Инем тап» - ұлттық ойын. Жүргізуші сайланады. Ол ойын ережесін қатысушыларға түсіндіріп, дұрыс өтуін қадағалайды. Жүргізуші екі ойыншыны тандап, біреуін тысқа шығарады да, екіншісінің бойына немесе киіміне инежасырады. Жүргізуші сырттағыны шақырып, инені іздеттіреді. Ине іздеуші кезекелген музыка аспабымен жәрдем беріп отырады. Егер іздеуші ине жасырған ойыншыдан алыстап кетсе, музыка бәсеңдеп, егер жақындаса, үдеп отырады. Іздеуші инені тапса, онда оны жасырған ойыншы айып ретінде ән салады, не би билейді немесе әңгіме т.б. айтып береді. Ал ине табылмаса, іздеуші «айыбын» өтейді.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Жаяу тартыс Ойыншы қатысушылардың ішінен екі ойыншы ортаға шығады да, ек басы біріктіріліп түйілген түйық арқанды мойындарына іліп, қолтық астынан өткізіп, екі жаққа қарай тартады. Ойынның мақсаты – ойыншылардың бірін-бірі тартып белгіленген межеге дейін жеткізу. Қайсысы бұрын жеткізсе, сол ойыншы ұтқан болып есептеледі. Ал ұтылған ойыншының орнына басқа ойыншы келеді. Осылайша ойнаушылардың барлығы қатысып болғаннан кейін ғана жеңіске жеткен ойыншы жариялайды.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» «Сықырлы таяқ» - қазақтың ұлттық ойыны. Ойыншылар қол ұстасып, шеңбер бойына дөңгелек тұрады. Қолына таяқ ұстаған ойын жүргізуші шеңбер ортасына шығып, ойыншыларды нөмірлеп шығады да, ойын шартын жариялайды. Содан кейін кез келген бір ойыншының нөмірін атайды да, жерге тіреп тұрған таяқты жіберсе салады. Нөмірі аталған ойыншы таяқты жерге құлатпай алса, өз орнына барады, ал таяқты құлатып алса, айыбын тартады, ойыншылардың ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойын шарты бойынша, әр ойыншы ең аз дегенде, бір реттен ортаға шығарылады.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» «Арқан тарту» Мақсаты: Балалардың тыныс жолдары кеңейіп, аяққа, білекке, алақанға күш жиналып, адам денесінің қуатын арттыру. Ұстағанынан айырылмауға, жібермеуге дағдыландыру. Ойын шарты: Балаларды екі топқа бөліп, ұзын арқанды екі жаққа тартады. Арқан алақандарын ысып кетсе де бірін-бірі сүйретіп кеткісі келгендер табандап, тартып жатып алады. Ақыры бір жақ жеңіп, екінші жақты сүйретіп кетеді.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» «Арқан тарту» Мақсаты: Балалардың тыныс жолдары кеңейіп, аяққа, білекке, алақанға күш жиналып, адам денесінің қуатын арттыру. Ұстағанынан айырылмауға, жібермеуге дағдыландыру. Ойын шарты: Балаларды екі топқа бөліп, ұзын арқанды екі жаққа тартады. Арқан алақандарын ысып кетсе де бірін-бірі сүйретіп кеткісі келгендер табандап, тартып жатып алады. Ақыры бір жақ жеңіп, екінші жақты сүйретіп кетеді.

Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балыңыз көпшілік, өз-жандарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
--------------------------------------	--